


“МЫҢЖЫЛДЫҚТАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ АСТАНА” ФЕСТИВАЛІ



Астана-ұлт рухының құдіретті шарайнасы. Ол мемлекетіміздің биік мәртебесі, жоғары дәрежесі, бақ-берекесі. Елдік пен тұтастық-бірліктің тұтқасы, дербестігіміздің дара тумасы. Елбасы айтқандай «Жаңа Астана-ежелгі қазақ жерінің төрі». Қазір Елордаға бүкіл әлемнің назары аударылып отыр. Әлемдік сәулет өнерінің інжу-маржандарын көркі мен келбетінде айшықтаған бүгінгі Астана тәуелсіз еліміздің дамуы мен гүлденуінің айқын нышандарын көз алдымызға әкеледі. Бұл іс еліміздің еңсесін, халқымыздың рухын көтерді. Аз уақыт

станды тарихи Отаным деп танитын қазақтардың өзі де біле бірмейді. Сондықтан сахара төсіндегі көшпенділер өмірінен хабар беретін, өзіміздің өткенімізді тануға көмектесетін, жыл сайын Астана мерекесі аясында өткізілетін «Мыңжылдықтар аясындағы Астана» Көшпенділер өркениеті фестивалі сияқты мәдени шаралардың маңызы зор екені сөзсіз.

Ауданымыздың бүркітші қызы Әбдіразақова Мақпал Мұратқызы Астана мерекесін өз көзімен көріп тамашалап, «Мыңжылдықтар аясындағы



ішінде Астана қазіргі заманның талабына сәйкестендірілген қалаға айналды. Отанымыздың жетістіктері мен мақтаныштарын паш етер ұлттық Бренд ретінде қалыптасып, аймақтардың көз тігер, иық тіресуге талпынар нысаны ретінде қалыптасты.

Жыл сайын Астана қаласының мерейлі мерекесін егемен еліміздің барша халқы ерекше жағдайда атап өтіп келеді. Қала мерекесіне орай мерекелік іс-шаралар, әр түрлі фестивальдер көпшілікті айрықша әсерге бөледі. Көшпенді ата-бабаларымыздың тұрмыс тіршілігінен сыр шертетін «Мыңжылдықтар тоғысындағы Астана» фестивалі қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырады. Фестивальдің басты мақсаты - көшпенділердің тұрмыс тіршілігін кеңінен көрсетіп, қазақ халқының мәдениетін, саятшылық пен аңшылық өнерді насихаттау. Осыдан қаншама мыңжылдықтар бұрын ата-мекенімізде дүниеге келген көшпенділер өркениеті - түбі бір түркі халықтарының бәріне ортақ құндылық. Ғасырлар қойнауында қалған бабалар өмірін, ой арманын, өзге түгіл, Қазақ-

стана» фестиваліне қатысып қайтты.

-Астана мені өзінің ерекше сәулет нысандарымен тәнті етті. Астанаға аяқ басқаннан-ақ мен қаланың өзгелерге ұқсамайтын төл бейнесін аңғардым. Әсіресе, «Астана-Бәйтерек» монументі мен Бейбітшілік және келісім сарайы, тағы да басқа сәулетті жерлері маған қатты ұнайды. Астананың қазіргі келбеті орасан күш жігердің арқасында келді деп ойлаймын. Ару Астанамыздың күннен-күнге жайнап, алар биіктері асқаралы болғай, - деп Мақпал Астанадан алған әсерін бізбен бөлісіп.

Бүркітші қызға Елорда тарапынан ұйымдастырылған осындай игілікті шараға қатысып, көшпенділердің дәстүрлі өнерін дәріптеуге атсалысып, облысымыздың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, белсенді азаматтық устанымы және қазақстандық патриотизмді дамытуға зор үлес қосқаны үшін облыс әкімінің орынбасары Ж.Жылыбаевтың «Алғысхаты» тапсырылды.

Ш.ӘБДИЕВА.